



**ДУБӘКІРОВА МАДИНА, М.О.** Әуезов атындағы Семей педагогикалық колледждің бірінші курс студенті. «Еліміздің болашағына сенемін» атты мақаласы т.б. көптеген мақалалары мерзімді басылымдарда жарық көрген. «Дарын» үйірмесінің мүшесі, қалалық дебаттарға қатысып дарындылығымен көзге түсті. Көптеген шығармашылық жұмыстарға, олимпиадаларға қатысып жүзделердің иегері. «Шәкәрім» журналы дәстүр бойынша «Бұлақ көрсең көзің аш» демекші жас дарындаға әрқашан қолдау жасап отырады. Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу Орталығының ұжымы Мадинаға шығармашылық табыс тілей отырып «Шәкәрім өлеңдеріндегі имандылық мәселесі» мақаласын ұсынамыз.

## ШӘКӘРІМ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ИМАНДЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Мұсылман тұтқасы – имандылық. Сондықтан әрбір мұсылман адам имандылық тұтқасын берік ұстау қажет. Ұлы жаратушымыз адам баласының бойына адамгершілік, имандылық адалдық сипаттар дарытқан. Демек, әрбір мұсылман инабатты, кішіпейіл болып жүруі тиіс.

Имандылық – адамдықтың бастауы. Ақиқатшыл адал жан қай жерде де болсын үлкен құрмет пен екі дүние ырзығын иеленер. Шыншылдық пен адалдық алдымен имандылық-саулыққа шарапатын тигізіп, істің оңды бтүіне себепкер болады.

Адамзат баласы мәдениетті, адал мінезді болуы қажет. Мәдениеттілік деген ұғымға терен мән беріп қарайтын болсақ, ол адамның өзін-өзі ортада ұстай білуі, басқа адамдармен қарым-қатынасы, жалпы айтқанда, жақсы мінез-құлық екені баршамызға белгілі.

Туған халқының діни, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын жарық дүниеге келіп, көзің ашқан күннен бастап, терең ұғынып дұрыс түсініп жүрегімен қабылдай алмаған адам өмір бойы рухани мәңгүрт болып қалатыны сөзсіз.

Кейбір адамдар өзінің мал-дүниесімен, мансабымен мақтанып жүреді. Олар өздерін басқалардан жоғарымын деп санайды. Бірақ, бір

*Имандылық екі жартыдан құралады.  
Бір жартысы-сабырлық,  
екінші жартысы-шүкірлік.  
Хадис*

нәрсені естен шығармауымыз қажет: «Адам әрқашан бауырларының алдарында кішік боп көрінуі қажет». Себебі, Алла Тағала адамзаттың барлығын бірдей жаратты. Қандай да адам баласы болсын өзін өзгелерден артық санап, тәкаппарланатын болса, Алланың азабына ұшырайды. Тәкаппарлық – Алланың ең жек көретін нәрсесі. Сол үшін тәкаппарлық өз егесін жамандыққа алып барады.

Мешіт – имандылық ордасы. Себебі, мешіт жалғыз Алла Тағалаға құлшылық ететін орын.

Мұсылманның дұғасын қабыл етіп, жебен, қолдайтын жалғыз Алла Тағала.

Алланың үйі, жаратушыға құлшылық ететін қасиетті орын. Әрбір мұсылман мешіттің маңызын білуі шарт.

Кенес үкіметі тұсында дін – ескіліктің қалдығы, кертартпалық мәні зор күш ретінде ұғындырылып, оның тәрбиелік тағылымдары жоққа шығарылып, рухани байлықтың түпнұсқасын түсінуге кедергі келтірілді. Осы орайда Мұқағали ақынның мынадай жыр жолдары еске түседі:

Қаймағы бұзылмаған қайран дінім,  
Қаймағың быт-шығ болды қайдан бүгін?!  
Құбылаға бет бұрып, қол қусырып,

Сәждеге бас қоятын қайда күнім? (1.3)

Ұлттық рух – адам жанына дінмен, тілмен, дәстүрмен сінеді. Дін мен тілін атадан келе жатқан ізгі дәстүрін бойына сіңіріп, қанына құя алмаған адамда ұлттық рух бола қоймайды.

Рух – Алланың ісі. Рух – денеден тәуелсіз болмыс, ол денеден айрылғанда өмір аяқталады. Қиямет күні қайта тірілгенде денеге қайта кіреді. Ақыретте сол адамның рухы өз денесіне кіріп, тіріледі, осы денемен сыйланады немесе жазланады.

Еліміз өз тәуелсіздігін алып, элемге таныла бастағанына 15 жыл болыпты. Егемендігіміздің арқасында халқымыз төл дінімізбен қайта табысты. Дін-үлкен рухани тәрбие. Ислам діні тазалыққа, береке-бірлікке, бауырмалдыққа, әділдікке үндейтін шынайы дін.

Ислам діні ғылым-білімді, биік мәдениетті, өрелі өркеніетті жоғары бағалайды. Халқымыз енесі көтерілумен қатар, асыл құндылықтармен танысып, имандылық тағылымдарынан нәр ала бастады. Бұл көңіл қуантарлық жайт. Бірақ, әлі де болса дінімізге зиялы қауым өкілдері жанашырлық танытып, рухани мұраларына мән беріп, ат салысса деймін. Келер ұрпаққа терен ой салатын гибратты ақыл айтып, адамгершілікке тәрбиелеу керек.

Еліміздің ертеңгі келешегі – жастар. Сондықтан, ұлттық құндылықтарды бойына ерте бастан сіңіре берсе. Қазіргі, әр жерде болып жатқан діннің сату, тілін шұбарлау, есірткі мен зиянды ішкімдік сияқты адамның жанын-тәнін улайтын теріс қылықтардан аулақ болар еді. Дана халқымыз «тәрбие – отбасынан, ошақ қасынан» деген. Ендігі міндет – осы Алланың адал жолына түскен кейпімізден адаспай, алға басып, өркендеп, дамып, ізгілікті ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру.

Бізге ой салатын – осы мәселеде қазақ ойшылы Шәкәрімнің өлеңдеріндегі кездесетін имандылық мәселесі. Ойшыл қаламгер өз өлеңдерінде адамгершілік, адалдық жолына түсудің амалдарын қарастырады. Ақын Шәкәрім халқының көзін ашу мақсатында, өзінің өлеңдерімен, шығармаларымен насихат айтып, өз көзқарасын зерделеп, қорытқан.

Шәкәрім мына өлеңдерінде пенделікті, көре алмаушылықты көп сынайды.

Бай, ұлық жуандарды бақты көрмек.

Ол мисыз шолақ оймен баға бермек.

Анық бақ деп айтарлық үш нәрсе бар:

Кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек... (2,167)

Көріп отырғанымыздай, өмірде «бақ» деп айтарлық үш-ақ нәрсе бар дейді, ол – кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек. Бұл үшеуі бірігіп бір адамның басына қонса, оны көре алмайтын өзімшіл, күншілдер пайда болады. Сол сияқты:

Жарқанат жек көреді күннің нұрын,

Күншілдікке ұқсатамын соған түрін.

Өзге жанға біткенін ұнатпайды,

Әлгі айтылған бақтардың бірде-бірін, – (2,167)

деп ақын күншілдерді жарқанатқа балап отыр. Жарқанат күннің нұрып жек көреді, сол сияқты күншіл адамдар, ақылды, білімді адамдардың жарыққа шығуын көре алмайды. Бірақ, ақын бәрібір кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек жеңіп шығады дейді.

Осы өлең жолдарындағы күншілдерді жарқанатқа балаудың өзі ерекше құбылыс. Халық айтады ғой: «Жарқанат ұшса, адамның көзін соқыр қылады» деп. Мұндай жағдайлар адамдардың өз арасында кездесетіні өтірік емес.

Осы төрт шумақпен ақын көзі ашықпен наданның арасындағы жер мен көктей айырмашылықты керемет көрсеткен.

Мына бір жолдарда:

Жалын кетіп, аздан соң шоқ болды құр,

Отын бітті, үрссем де жана алмай тұр.

Жалынды оттай жайнаған, қайран, өмір,

Шоқ сөнген соң қап-қара болды көмір. (2,96)

Өмір туралы толғанысында, өмірді отқа, соңында өшкен көмірге балайды. Өмір от сияқты лапылдап жанып, жан-жағына жайпайды, алға ұмтылады. Жалын кеткен соң, шоқ сөнген қап-қара көмірге айналады.

Ұшқыр ойдың, оған деген адам қабілеті әр нәрседен-ақ байқалады.

Тілі ашы деп, жігіттер, мені сөкпе,

Ашулының әр сөзі тиер көкпе.

Өткен өмір-өкініш, ой жаралы,

Дерті қалың делбемін пірік өкпе.

Құры тілмен зарланып сайраулымын,

Қол-аяғым бос емес, байлаулымын.

Улы жүрек, ашы тіл сөйлеп отыр,

Ыза қысып тісімді қайраулымын. (2,96)

Ақынның ашы айқайы, қасіретті жаны, кеніш көңілі айқын таңбаланған. Өзі өмір сүрген қоғамдық ортада теңсіздік пен әділетсіздікті ашына айтады. Ең бастысы, ақын өлеңдерінен оның жан дүниесінің айнасын, ақынның адамдық болмысын, азаматтық тұлғасын, арман-мұраттарын, мінез-құлқын, жан дүние байлығын, мазасыз өмірін, өміріндегі шаттық пен бақытты, жан-күйін, күйзелісін танып білеміз.

Адам – жаратылыстың ең бір сүйіп жаратқан әрі жоғары сатысындағы өмір иесі. Осыншалық махаббатпен жаратылған адамның бойындағы ең асылы, адами қасиет: адамгершілік, ізгілік, имандылық, ұлтжандылық, ар-ұят.

Шәкәрім өлеңдері – сол рухани байлықтың алтын кені боп екшеле сұрыпталып, өзіндік түрмен нұр тапқан, әрі сол халықтық тәрбиенің бояуына қалыққан асыл қазына. Ақын қандай кейіпкер бейнесін ашса да,

оны өзінше сомдаса да лирикалық қаһарман бойындағы жақсылы-жаманды қасиеттерді тығыз байланыстырады.

«Халкым қандай десең, салтынан сынап біл» деген мақал бар. Ұлттық салт – дәстүрдің, әдет-ғұрыптардың заманға сай, ұрпақтарымызды өркендетер тәрбиелік мәнін халқымыз жоғары бағалайды.

Халықтық тәрбиенің өзекті бір саласы – жас ұрпақты имандылық, мейірімділікке тәрбиелеу. Адамгершілік тәрбиесіндегі басты мәселе – адамгершіліктің асыл қасиеттеріне баулу болып табылады. Адамгершілік сапа – адамдық қасиеттің өлшемі.

Әр адамның әлсуметтік дамуы – бүкіл қоғамның дамуы. Бұл дүниеде адал жүріп, мұсылмандық

ғибадатын бұлжытпай орындаған пенде о дүниеде рахатқа батады. Бұл тіршілік адамдар үшін тек сынақ қана. Сондықтан, бұл дүниеде бақытты өмір сүру үшін Алланың адал жолымен жүру керек. Алла Тағала өзі жаратқан пенделеріне адалдық, адамгершілік қасиетін сыйлаған, зұлымдықтан тыйған.

Адам баласының бір-біріне қол ұшын беріп, жәрдем көрсетуі-адамгершіліктің шыңы деп білемін.

#### Пайдаланылған әдебиеттер.

1. «Ислам нұры» газеті, №11/108 «Адалдық, адамгершілік туралы» 1-3 бет, 2005ж.
2. Шәкәрім Құдайбердиев. Шығармалары: Өлеңдері, дастандар, Алматы. Жазушы 1988 ж, 167 бет, 96 бет.